

SUMMARY

The issues of increasing the efficiency and effectiveness of public administration in modern conditions are of particular importance. One of the strategic tasks of the government is the phased implementation of various methods to improve the performance of government.

As you know, as early as the end of the 19th century, the ministerial system of Western countries revealed the limitations of its capabilities in managing the economy and solving social problems.

It should be noted that still indicators of the quality and effectiveness of public administration are the subject of numerous discussions in Europe and the world.

In Kazakhstan, the assessment is more aimed at identifying inconsistencies in the activities of the state body with the established norms, standards and requirements, than at the effectiveness itself.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Бекбосынова Жамиля Аргинбаевна – докторант PhD, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Нур-Султан, Республика Казахстан
e-mail: zh.bekbossynova@apa.kz, zhamy_bek@mail.ru,

MPHTI 06.77.64
JEL L28

STATE-PRIVATE PARTNERSHIP RESULTS

R. Nuranova¹, K. Moldashev¹

¹Narxoz University, Almaty, the Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the article is a systematic review of the authors' scientific works published in prestigious international journals on the subject to expand our knowledge about the cooperation of the state and business structures.

Articles published in the ISI Web of Science database (about 17 years) on public-private partnerships in recent years have been studied in detail.

The results of the study show that in all cases, management, trust, relationships, opportunities, stability, risk distribution, competition are the principles of public-private cooperation. In order to achieve joint goals, the participants of the cooperation determined the need to be led by these principles.

Keywords: Public-private partnership, the effectiveness of public-private partnership, reliability, stability, efficiency.

MEMLEKETТІК – ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІГІНІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

Р.Нұранова¹, Қ.Молдашев¹

¹ Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Мемлекет пен бизнес құрылымдарының ынтымақтастығы туралы білімімізді кеңейту үшін тақырыпқа байланысты халықаралық беделді баспаларда жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу жасау.

Соңғы жылдар ішіндегі мемлекеттік-жеке меншік әріптестігіне қатысты (шамамен 17 жыл) ISI-Web of Science мәліметтер базасында жарық көрген мақалалармен толық танысып шығып, шолу жасалынды.

Зерттеу нәтижелері, барлық жағдайларда басқару, сенім, қарым-қатынас, мүмкіндіктер, тұрақтылық, тәуекелдерді бөлу, бәсекелестік мемлекеттік – жеке ынтымақтастықты нәтижеге жеткізуге қажетті қағидалары екендігін көрсетеді. Ынтымақтастыққа қатысушылар бірлескен мақсаттарға қол жеткізу үшін осы қағидаларды басшылыққа алу қажеттігі айқындалды.

Түйін сөздер: Мемлекеттік – жеке меншік әріптестігі, мемлекеттік – жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігі, сенімділік, тұрақтылық, тиімділік.

КІРІСПЕ

Мемлекеттік – жеке меншік әріптестігін әлеуметтік салада соның ішінде халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік басқаруда соңғы кезде дамыған мемлекеттер кеңінен қолданып келеді. Әсіресе мемлекеттік – жеке меншік әріптестігі жұмыспен қамту саласы бойынша мемлекеттік қызметтерді ұсынудың кең таралған құралының бірі. Мемлекеттік – жеке меншік әріптестігі әдетте, түрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекет пен жеке меншік секторлар арасындағы ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді институционалдық тетіктері ретінде танылады.

Мемлекеттік – жеке меншік әріптестігі әлемнің заңнамалық жүйесі әртүрлі елдерінде және экономиканың әртүрлі салаларында дамып келеді. Олай болса, мемлекеттік-жеке меншік ынтымақтастығы жобаларының нәтижеге жетуіне әсер етуші жағдайлар да алуан түрлі болады. Сондықтан бүгінгі күнде де ынтымақтастықтың нәтижелілігіне әсер етуші жағдайлар да әр түрлі. Оларды анықтау мен талдау жасау зерттеушілердің де қызығушылығын туғызады. Соңғы кездегі әдебиеттердің көпшілігі мемлекеттік-жеке меншік ынтымақтастығының нәтижелілігіне әсер етуші факторларды анықтауға арналған. Бұл мақалада осы авторлардың зерттеулеріне шолу жасалынады. Зерттеу сұрақтары келесідей болып табылады:

- 1) Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігі туралы қандай пікірлер бар?
- 2) Нәтижелілікке қандай жағдайлар әсер етеді?

Мақалада ең алдымен мемлекеттік – жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігінің теориясы сипатталады. Келесі бөлімде мәліметтер мен әдістемеге көңіл бөлінеді. Және аталмыш тақырыптағы соңғы жылда ISIWeb of Science мәліметтер базасында жарық көрген мақалаларға шолу жасалынды. Мақала зерттеу мәселесіне байланысты қысқаша қорытындымен аяқталады.

ӘДІСТЕМЕСІ

Ең алдымен, соңғы жылдар ішіндегі мемлекеттік-жеке меншік әріптестігіне қатысты (шамамен 17 жыл) ISIWeb of Science мәліметтер базасында жарық көрген мақалаларды іздеумен айналыстық. Тірек сөздер ретінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі немесе «мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі» сөздері қолданылды. Алғашында табылған мақалаларды мақсатына қарай іріктеумен айналыстық. Бұл сатыда таңдаулы жетекші журналдарда жарық көрген жалпы саны 234 мақала табылды. Екіншіден таңдалып алынған мақалалардың рефератымен танысу арқылы, мемлекеттік-жеке меншік

әріптестігінің нәтиже беруіне әсер етуші факторлар туралы зерттеулер іріктеліп алынды (егер олар нәтиже бермеген жобалар туралы мақалалар болса олар алынып тасталынды). Олардың жалпы саны-26, әртүрлі мемлекеттерде және экономиканың түрлі салаларында жүзеге асырылған жобалар. Мемлекет пен бизнес құрылымдарының ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылған жобалар экономиканың әр түрлі саласында олар: құрылыс, көлік, білім беру мен денсаулық сақтау салалары. Сирек жағдайда жұмыспен қамту мен қоғамдық жұмыс салаларында қолданылған.

Мемлекеттер жағынан да мұндай жобалар әлемнің көптеген елдерінде жүзеге асырылған. Олар Ган-конг, Ұлыбритания, АҚШ, Нидерланды, Австралия, Қытай т.б (1-кесте).

Мақалалар тақырыпқа байланысты таңдалып алынып, нақты зерттеу мақсатына қарай іріктелінді. Осы мақалалармен толық танысып шығып, шолу жасалынды.

«МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІК» ҰҒЫМЫ

Жалпы халықаралық тәжірибеде мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің көпшілік мақұлдаған анықтамасы жоқ.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі тиісті шарттарда анықталатын тәуекелдерді, пайда мен шығындарды, құқықтар мен міндеттерді теңгерімді бөлу жағдайында мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласына жататын салалардағы мемлекет пен жеке сектордың өзара тиімді ынтымақтастығын білдіреді. Мұндай ынтымақтастықтың сипаттамасы өзара тиімді мақсатқа жетуге бағытталған ресми емес келісімдерден бастап күрделі ресми ынтымақтастық нысандары ретінде қарастырылуы мүмкін. ынтымақтастықтың басты ерекшелігі келісілген нәтижелерге жету үшін ортақ жауапкершілік және жобаны жүзеге асыру барысындағы жетістіктер мен тәуекелдерді бірге бөлісу болып табылады [1]. Әдебиеттерде жеке секторды немесе бизнесті мемлекеттік қызмет көрсетуге тарту тиімділік тұрғысында бірталай басымдықты берудің бірқатар себептерін көрсетеді. Еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге дәстүрлі мемлекеттік басқару тетіктерінің мүмкіндігінің жетпеуі мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыруға бизнестің мүмкіндіктері мен қалыптасқан дағдыларын пайдалану арқылы қол жеткізуге болады деген шешімге келді [2]. Мемлекет пен бизнес құрылымдарының ынтымақтасуы арқылы серіктердің қосымша мүмкіндіктері мен құзыретін біріктіру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуді жетілдіру немесе кейбір әлеуметтік саладағы шешімін таппай жүрген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді [3]. Бұл қатынастар тәуекелді азайтуға және клиенттердің қажеттіліктеріне уақтылы және жауап беретін, тәжірибе алмасу үшін мемлекеттік қызметті экономикалық тиімді көрсетуге бағытталған [4,5].

2007-2008 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысынан кейін дамыған және дамушы елдер билік органдарының мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саясатын (МЖӘ) қабылдауда қызығушылығы артты. Қазіргі кезде де, әлемдегі көптеген үкіметтер инфрақұрылым тапшылығын азайту үшін жеке сектордың тәжірибесін және капиталын пайдалануға ұмтылады; сондықтан бүкіл әлем бойынша зерттеушілер осы саясаттың іске асырылуын және жұмыс істеуін зерттеуге тырысты [6,7]. Осылайша, осы зерттеушілердің басылымдары мамандар мен жаңа зерттеушілердің мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі тұжырымдамасын толығымен түсінуге мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ:

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігі.

Әлемде мемлекеттік-жеке меншік әріптестігіне қызығушылық артуына байланысты оның түрлі салалары зерттелген. Мысалы тәуекелді басақару (Akintoe et al., 1998; Shen et al., 2006), қатынастарды басқару [8] қаржылық тұрақтылық және сатып алу.

Мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығының сипатын теориялауға тырысқан Bryson, J. M., Crosby, B. C ынтымақтастық қатынастың маңызды қырын анықтайтын бес құрылымын анықтайды. Ол: 1) ынтымақтастық жасау үшін қойылатын шарттар, 2) процесі, 3) құрылымы мен басқару, 4) кездейсоқ жағдайлар мен шектеулер және 5) нәтижелері мен есептілігі [9].

Pillay және т.б осы пікірді толықтыра отырып, ынтымақтастық қатынасының басты төрт қағидасын 1) нәтижелік; 2) тиімділік; 3) сенімділік; 4) тұрақтылығын атап көрсетеді [10]. Мұндағы мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелілік қағидасы деп, серіктестердің алдын ала дйттеген нәтижесіне жету мүмкіндігі, ал тиімділік осы нәтижеге ең төмен шығынмен қол жеткізуін айтады.

Жалпы, ынтымақтастықтың нәтижелілігі ұғымын анықтауда оны «тар» және «кең» деп екіге бөліп қарастыру тұжырымдамасы бар. Ынтымақтастықтың нәтижелілігінің тар мағынадағы тұжырымдамасы нақты нәтижеге жету және ынтымақтастық туралы келісімдерде белгіленген межеге жетуге бағытталады. Мұнда бөлінген инвестициядан қаншалықты қайтарымы болуын ынтымақтастық қамтамасыз етті деген мәселеге база назар аударылды. Біз білетініміздей, ынтымақтастық кем дегенде бес мемлекеттік басқару тетігін қамтуы мүмкін. (1) мемлекеттік қызметті бірігіп көрсетуге бағытталған институциональдық ынтымақтасу, (2) инфрақұрылымға байланысты ұзақ мерзімді контракт жасау, (3) мемлекеттік саясаттың желісі (4) азаматтық қоғамды дамыту және қоғамдық басқаруды дамыту, (5) қалаларды жаңғыртудың экономикалық дамуы [11]. Егер ынтымақтастық – құрылысты жобалау, салу, қаржыландыру және пайдалануға беру инфрақұрылымының қызмет көрсетуі болса, онда тар мағынадағы концепциясы осы жобаның өнімділігіне байланысты болады. Мысалы, құрылыс кезеңдері, құрылыстың сапасы, құны, келісімге байланысты даулар, жалпы тиімділік және басқа да факторлар жобаның тиімділігін тексеруге қолданылуы мүмкін [12]. Сондай ақ табыстың ішкі көрсеткіштері мен таза құны да жобаның тиімділігін өлшем ретінде қолданылуы мүмкін деп көрсетеді авторлар. Нәтижеліктің кең мағынадағы концепциясы кең аумақты сұрақтар мен мәселелерге бағытталған. Бұл көрсеткіш жобаның немесе бағдарламаның серіктестер үшін, азаматтар мен сол қызметті қолданушылар үшін ауқымы үлкен табысқа жетуін көздейді. Мұнда тиімділік көрсеткіші мемлекет пен бизнес ынтымақтастығын қалыптастырудың алғышарты ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің пікірінше, ынтымақтастық қатынастары тиімді болуы үшін серіктестер арасында мақсаты ортақ болуы тиіс деп тұжырымдайды.

Соңғы онжылдықта мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігіне әсер етуші факторлар зерттеушілердің жиі көңілін аударған, мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің негізгі бағыттарының бірі болды. Нәтижелілікке әсер етуші факторлар әртүрлі болып келеді. Мемлекет пен бизнес құрылымдарының ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылған жобалар экономиканың әр түрлі саласында немесе әлемнің түрлі мемлекеттерінде болса да, олардың мақсатына жетуіне бірқатар ортақ факторлар ықпал еткендігі байқалады. Олар: сенімділік, силастық, мониторинг жасау, ортақ мақсатының болуы, тұрақтылық, ашықтық, міндеттер мен жауапкершілікті нақтылау т.б (Кесте 1)

Кесте1 – Мемлекеттік -жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігіне әсер етуші факторлар

Мақала авторы	Зерттеу мәселесі	Нәтижелілікке әсер етуші факторлар	саласы	елдер
Bryson, Crosby, and Stone (2014)	құрылымы, нәтижелілігі	ынтымақтастық тараптарының сенімділігі, силастығы	мемлекеттік басқару (АҚШ)	
Pillay, Hitendra K., Watters, James J., Hay, Steve, & Hoff, Lutz Werner (2013)	нәтижелілігі	тиімділік, сенімділік, мониторинг, тұрақтылық	білім беру (Австралия)	
Jeffares, Sullivan, Bovaird (2013)	нәтижелілігі, тиімділігі	мақсаты, мотив, келісім	мемлекеттік қызмет көрсету (Ұлыбритания)	
Gestel және т.б., (2014).	нәтижелілігі	басқару	білім беру (Нидерланды)	
Hodge and Greve (2007)	нәтижелілігі	тәуекелдерді басқару	мемлекеттік басқару (Австралия)	
Ke, Wang и Chan (2013).	нәтижелілігі	тәуекелді бөлу	жол – құрылыс (Қытай)	
Vecchi, Hellowell и Longo (2010).	нәтижелілігі	ортақ мақсатының болуы, тиімділік	Денсаулық сақтау (Италия)	
Santandrea, Bailey, and Giorgino (2016).	нәтижелілігі	басқару, ресурстарды ортақ пайдалану,	Денсаулық сақтау (Ұлыбритания)	
Reynaers (2014).	нәтижелілігі	ортақ мақсаты болуы, тұрақтылық	Мемлекеттік басқару (Нидерланды)	
Ham and Koppenjan (2001)	нәтижелілігі	сенімділік	порт (Нидерланды)	
Ke et al. (2009.);	нәтижелілігі	тәуекелді өзара бөлісу	Қытай	

Tang (2010)	Нәтижелілігі	серіктердің өзара ортақ мақсаты болуы, міндеттемелік, әділдік, сенімділік, ашықтық, тиімді коммуникация, команда құру, шешім қабылдау, тез арада жауап беру, ынталандыру.	Құрылыс (Ганконг)
Korpenjan (2005)	кедергілер	сенімділік, ашықтық	Транспорт (Нидерланды)
Siddiquee, N. A. (2011)	нәтижелілігі	сенімділік, ынтымақтастық, силастық	Білім беру (Австралия)
Kilpatrick, S., & Guenther, J. (2003)	нәтижелілігі	міндеттерін нақтылау, жауапкершілігін белгілеу	Білім беру (Австралия)
Chan және т.б авторлар (2004)	нәтижелілігі	стратегияның болуы, мониторинг жасау, міндеттерді нақты анықтау, сенімділік, ресурсты ортақ пайдалану, инновация	Құрылыс (Ганконг)
Glagola және Sheedy, (2002)	нәтижелілігі	ортақ мақсатты болуы, нақты анықталған нәтиженің болуы, сенімділік, жауапкершілікті алу, ашықтық, силастық және дауды келісе отырып шешу, ресурстарды ортақ пайдалану, келісімшарт талаптарын жеңілдету.	Құрылыс (АҚШ)
Robert Osei-Kyei (2015)	нәтижелілігі	басқару, сенім, қарым-қатынас, мүмкіндіктер, тұрақтылық, тәуекелдерді бөлу, бәсекелестік	(Ганконг)
Carol Jacobson, Sang Ok Choi (2008)	нәтижелілігі	ашықтық, тұрақтылық, ортақ мақсатта болуы.	қоғамдық жұмыс (АҚШ)
Forrer және т.б., (2010).	нәтижелілігі	басқару, сенім, қарым-қатынас, мүмкіндіктер, тұрақтылық, тәуекелдерді бөлу.	(АҚШ)
Ke, Wang. Chan, (2013)	нәтижелілігі	тәуекелді бөлу	құрылыс (Ганконг)
Li, Akintoye, Edwards, Hardcastle, (2005).	нәтижелілігі	тәуекелді бөлу	Құрылыс (Ұлыбритания)
Reynaers Grimmelikhuijsen, (2015)	нәтижелілігі	ортақ мақсатының болуы, ашықтық: шарттың жариялылығы	Қоғамдық жұмыс (Нидерланды)
Zhang & Ali Soomro, (2015).	нәтижелілігі	келісімшартты нақтылау	Қоғамдық көлік (Ганконг)
Panayides et al., (2015).	нәтижелілігі	сенімділік	Құрылыс (Греция)
Wei Xiong (2018)	нәтижелілігі	ынтымақтастық, сенімділік, байланыс, мүмкіндіктері, ашықтық, тәуекелдерді бөлу, бәсекелестік.	Құрылыс (Қытай)
Ескерту: Әдебиеттерге шолу жасау негізінде автор құрастырған [1].			

Бірқатар авторлар ынтымақтыстықтың нәтижелілігіне ықпал ететін жағдайлар серіктердің өзара қатынастарының мазмұны мен сипатына да байланысты деген тұжырым айтады.

Siddiquee пікірінше, тиімді нәтижеге қол жеткізудің маңызды факторы серіктестердің өзара сенімділігі мен ынтымақтастығы және силастығы болып табылады [13]. Ал кейбір авторлар ынтымақтастық туралы келісімде жеке серіктердің ынтымақтастық қатынастарды басқарудың тиімділігін арттырудағы ролдерін, міндеттерін және жауапкершіліктерін нақтылау қажет деп есептеген [14]. Chan және т.б авторлардың зерттеулерінде халықаралық құрылыс жобалары мысалында жетістікке жетудің он факторын атап көрсетеді. олар: стратегия жасау, ынтымақтастық үрдісіне мониторинг жасап отыру, міндеттерді нақты анықтау, өзара сенімділік, процессті жақсартуға дайын болуы, ресурсты ортақ пайдалану, алдын ала ынтымақтастықты енгізу, инновация және мердігерлерді қатыстыру [15].

Tang және оның авторлары ынтымақтастықтың нәтижеге жетуі үшін 10 факторды анықтайды. Олар: серіктердің өзара ортақ мақсаты болуы, міндеттемелік, әділдік, сенімділік, байланыс, ашықтық, тиімді коммуникация, команда құру, шешім қабылдау, уақытында жауап беру және ынталандыру [16].

Құрылыс жобасы мысалында нәтижеге жетудің факторларын зерттеген авторлар, шиеленісті жағдайдың алдын алу мақсатында, мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығының тиімділігіне ықпал етуші он бір жағдайды (ортақ мақсатты болуы, нақты анықталған нәтиженің болуы, сенімділік, жауапкершілікті алу, ашықтық, силастық және дауды келісе отырып шешу, ресурстарды ортақ пайдалану, келісімшарттағы талаптарды мейлінше жеңілдету) сипаттап берген [17].

Carol Jacobson мен т.б авторлардың зерттеудің мақсаты қоғамдық жұмысты жүзеге асырудағы мемлекеттік-жеке ынтымақтастықтың нәтижелілігіне ықпал ететін факторларға талдау жасау мен салыстыру. Авторлардың айтуынша, ортақ көзқарас қалыптастыруда, нақты бизнес пен әлеуметтік мақсаттарға жету үшін өзінің әлеуеті мен көзқарастарын дамытуда, проблемаларды шешу механизмі бар тұрақты түрде қарқынды кездесулер арқылы ашық пікір алмасуға және ортақ көзқарасқа қол жеткізу үшін ынтымақтастыққа дайын болуға ұмтылған ең табысты факторлар [18].

Robert Osei-Kyei-дің жұмысы 1990 жылдан бастап 2013 жылға дейін іріктелген таңдаулы жетекші ғылыми журналдардан мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін іске асыру үшін CSF зерттеулерін әдіснамалық шолуға бағытталған [19]. Зерттеу нәтижелері 1990 жылдан бастап мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін зерделеуге қызығушылықтың артқандығын көрсетті. Ең анықталған CSF - тәуекелдерді бөлу және тарату, күшті жеке консорциум, саяси қолдау, қоғамдық / мемлекеттік қолдау және ашық сатып алу. Бұдан басқа, Австралия, Ұлыбритания, Нидерланды, Қытай және Гонконг МЖӘ-нің көптеген зерттеулеріне бағдарланған елдер болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, барлық жағдайларда басқару, сенім, қарым-қатынас, мүмкіндіктер, тұрақтылық, тәуекелдерді бөлу, бәсекелестік мемлекеттік-жеке ынтымақтастықты нәтижеге жеткізуге қажетті қағидалары болып табылады. Ынтымақтастыққа қатысушылар жалпы мақсаттарға қол жеткізу және бірлескен мақсаттарға қол жеткізу үшін бұл жалпы артықшылықты барынша арттыру үшін бір-бірімен бірлесіп жұмыс жасауды талап етеді.

Одан басқа, сенім әртүрлі операциялық шығындарды азайту, инвестицияларды жақсарту және қатынастарды тұрақтандыру, сондай-ақ оқытуды ынталандыру, білімді және инновацияларды ортақ пайдалануда маңызды рөл атқарады [20]. Тиімді қарым-қатынас ынтымақтастық пен сенімді нығайтады, табысқа жету үшін қолдауға ие болған адамдардан жоғары міндеттеме талап етеді [21]. Нәтижеге жетудің маңызды факторы серіктер арасындағы байланыстың өзара силастық пен сенімге негізделген сапасына байланысты Тәуекелді бөлу де мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігіне ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Кең ауқымды әдебиет ынтымақтастықта мемлекеттік және жеке меншік сектор арасындағы тәуекелдерді қалай бөлу керектігін сипаттайды. Тіптен әртүрлі сектор және елдер де бір бірінен Тіпті түрлі секторлар мен елдер әртүрлі болуы мүмкін болса да, жалпы ұсыныстар төмендегідей: мемлекет саяси және құқықтық тәуекелдердің көпшілігін өзі алуы тиіс. Жеке секторда көптеген қаржылық, операциялық тәуекелдер болуы керек. Үкімет пен жеке меншік сектор нарықтық тәуекелдердің көпшілігін бөлісуі керек (мысалы, сұраныс пен ұсыныс тәуекелдері [22]).

Ашықтық мемлекеттік-жеке әріптестігінің табыстары үшін өте маңызды, себебі құрылыс және пайдалану туралы ақпарат болған жағдайда ғана мемлекет жеке мердігердің жұмысын бақылап, қоғамдық құндылықтарды қорғай алады. Теорияда мемлекеттік-жеке әріптестігінің өзі ашықтықты арттырады, себебі мердігерлердің жеке ақпараты мемлекеттік сатып алушыларға конкурстық саудасаттықта жарияланады, ал жұртшылық жазбаша келісімшарттарға толық қол жеткізе алады [23]. Алайда іс жүзінде мемлекеттік сатып алушы шарттың орындалуын қадағалаумен және қадағалаумен байланысты мәселелер туындауы мүмкін, бұл «ішкі» ашықтықтың болмауына әкеледі. Бұған қоса, жұртшылық ең күрделі келісімшарттық келісімдерді түсінбеуі мүмкін және бюджет және жұмыс туралы ақпарат біле алмайды. Сондықтан мемлекеттік-жеке әріптестіктің сәтсіз жағдайлары «ашықтықтың жоқтығы» болып табылады.

Келісімшарттық мәселелерде мемлекеттік-жеке әріптестіктің жетістіктеріне ықпал етеді, көбінесе ұйымдық мәселелерге әсер етеді. Керісінше, зерттеу нәтижелеріне сәйкес келісімшартқа байланысты туындаған мәселелер ынтымақтастықтың нәтиже бермеуінің себебі болмаған [24].

Басқару мәселелері бәсекелестіктің табыстылығы, мүмкіндіктері, экономикалық өміршендігі және қолжетімділігі және инновациялар үшін маңызды, бірақ ынтымақтастықтағы басқару мәселесі нәтижелілікке айтарлықтай әсер ете қоймаған. Осы мәселеге авторлардың көп көңіл аударылуы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің табысты жүргізу кезінде басқару мәселелеріне ерекше назар аударылғандығына байланысты болуы мүмкін және олар ынтымақтастықтың сәтсіздігіне онша ықпал ете қоймайды. Сонымен қатар зерттеушілер ұйымдастырушылық мәселелер көбінесе басқаруға әсер ететіндігін анықтаған. Оның себебі басқару мәселелері заңдарға, мемлекеттік-жеке әріптестігі ережелеріне және басшылықтың нұсқамаларына сәйкес болуы керек [25].

Келесі авторлар Мемлекеттік-жеке әріптестігі жобаларының нәтижелігіне әсер етуші факторларды зерттеулерге шолу және табыстылық факторларына қатысты әдебиеттерді жүйелеп оларды талдаған. Мемлекеттік-жеке әріптестігінің жыл сайынғы жариялану үрдісін анықтап, 1990 жылдан бастап 2013 жылдар аралығындағы мемлекеттік-жеке әріптестігі жобалары бойынша авторларының еңбектеріне талдау жасаған. Бұл еңбегінді авторлар мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің 21 мәселесін атап көрсетеді және олардың ең маңыздысы ынтымақтастық, сенімділік, серіктер арасындағы байланыс, мүмкіндіктері, тәуекелдерді бөлу, бәсекелестігі және ашықтық екендігін анықтайды. Сондай ақ, мемлекеттік-жеке әріптестігін басқару сұрақтарын төрт топқа бөлген. Бірінші, институционалдық мәселелер үкіметті, заңнаманы, реттеуді және нарықтың ашықтығын қамтиды. Тіпті табысқа жету үшін маңызды емес болса да, олар ұйымдық және басқару мәселелеріне әсер етуі мүмкін. Екіншісі ұйымдастырушылық мәселелері транспаренттілік, сенімділік, ынтымақтастық, байланыстың болуы, жұртшылықтың қатысуы және мүдделі тараптардың қатысуынан тұрады. Олар мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін басқарудың ең маңызды құрылымы екендігі анықталды, бірақ мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін жүзеге асырушылар олардың кейбірін ескермеуі мүмкін: Мысалы: сенім, ынтымақтастық және қарым-қатынас мәселелері. Үшіншісі, келісімшарттық мәселелерге тәуекелдерді бөлу, мемлекеттік қолдау көрсету, сенімділік, ыңғайлылық және икемділік жатады. Олар мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі жобасының нәтиже беруіне үлес қосады. Соңғысы, мүмкіндіктер, бәсекелестік, есептілік, қол жетімділік, инновация, экономикалық тиімділік және қаржылық қол жетімділік. Сонымен авторлар мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін табысты ұйымдастыруда басқарушылық мәселелерге көп көңіл бөлінгенде олардың сәтсіздікке ұшырау ықтималдығы аз екенін дәлелдейді [26].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда келтірілген мәліметтер мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі жобаларын іске асырудың ең жақсы жолдарын іздеуге бүкіл әлемдегі зерттеушілердің қызығушылығын көрсетеді. Зерттеушілер көп жағдайда, мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелілік қағидасы деп, серіктестердің алдын ала діндеген нәтижесіне жету мүмкіндігі мен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруы деген пікірге келеді. Сондай ақ, ынтымақтастықтың нәтижелілігін анықтауда оны «тар» және «кең» деп екіге бөліп қарастыру тұжырымдамасы қалыптасқан. Авторлар көп зерттеулерде оның тар мағынасына негіздей отырып, нақты саладағы ынтымақтастық нысандарына баға беруге тырысқан. Олар негізінен құрылыс, инфрақұрылым дамыту, телекоммуникация, қоғамдық жол жобаларын жүзеге асыру, денсаулық сақтау саласы және мемлекеттік қызмет көрсету салалары.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, барлық жағдайларда мемлекеттік-жеке меншік ынтымақтастықты нәтижеге жеткізудің қажетті қағидалары процесті басқару, тараптардың сенімі, қарым-қатынасының тұрақтылығы, шығынға байланысты тәуекелдерді бөлу, бәсекелестік болып табылады. Ұнтымақтастыққа қатысушылар жалпы мақсаттарға қол жеткізу және бірлескен мақсаттарға қол жеткізу үшін бұл жалпы артықшылықты барынша арттыру үшін бір-бірімен бірлесіп жұмыс жасауды талап етеді. Одан басқа, сенім әртүрлі операциялық шығындарды азайту, инвестицияларды жақсарту және қатынастарды тұрақтандыру, сондай-ақ оқытуды ынталандыру, білімді және инновацияларды ортақ пайдалануда маңызды рөл атқаратындығын авторлардың барлығы атап көрсетеді. Ұнтымақтастықтағы тұрақтылық

та шешуші рөлге ие. Сондай ақ, авторлар мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін табысты ұйымдастыруда басқарушылық мәселелерге көп көңіл бөліну қажеттігін баса айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Billett, Ovens, C. Clemans, A.; & Seddon, T., Collaborative working and contested practices: forming, developing and sustaining social partnerships in education // *Journal of education polic.* - 2007. 22(6): pp 637-656
2. Bovaird., Public-Private Partnerships: From Contested Concepts to Prevalent Practice// *International Review of Administrative Sciences.* - 2004. 70(2): pp 199-215
3. Brinkerhoff, D. W., & Brinkerhoff, J. M., Partnerships Between International Donors and Non-Governmental Development Organizations: Opportunities and constraints // *International Review of Administrative Sciences.* - 2004. 70(2), 253-270.
4. Davies, B. Public-Private Partnerships// *School Leadership & Management.* - 2006. 26(3), pp 201-203.
5. Hodge, G. A., The Risky Business of Public-Private Partnerships// *Australian Journal of Public Administration.* - 2004. 63 (4): pp 37-49.
6. Cheung, E., Chan, A.P.C., Kajewski, S., Factors contributing to successful public private partnership projects, comparing Hong Kong with Australia and the United Kingdom. *J. Facil. Manag.* - 2012. 10 (1), pp 45-58.
7. Grimsey, D., Lewis, M.K., Evaluating the risks of public private partnerships for infrastructure projects. - 2002. *Int. J. Proj. Manag.* 20, pp 107-118.
8. Abdul-Aziz, A. R., & Kassim, P. S. J., Objectives, success and failure factors of housing public-private partnerships in Malaysia// *Habitat International.* - 2011. 35(1), pp 150-157.
9. Bryson, J. M., Crosby, B. C., & Stone, M. M., The Design and Implementation of Cross-Sector Collaborations; Proposition from the Literature// *Public Administration Review.* - 2006. 66 (Special issue 1), pp 44-55.
10. Pillay, H., Watters, J. J., & Hoff, L. Critical attributes of public-private partnerships: A case study in vocational education// *International Journal of Adult Vocational Education and Technology.* - 2013. 4(1), pp 31-45.
11. Hodge, G. A., The Risky Business of Public-Private Partnerships// *Australian Journal of Public Administration.* - 2004. 63 (4): pp 37-49.
12. Wang, H., Xiong, W., Wu, G., & Zhu, D., Public private partnership in public administration discipline: A literature review// *Public Management Review.* - 2018. 20(2), pp 293-316.
13. Siddiquee, N. A., Rhetoric and reality of public-private partnerships: Learning points from the Australian Experience// *Asian Journal of Political Science.* - 2011. 19(2), pp 129-148.
14. Kilpatrick, S., & Guenther, J. Successful VET partnerships in Australia. // *International Journal of Training Research.* - 2003. 1(1), pp 23-43.
15. Chan, A.P.C., Lam, P.T.I., Chan, D.W.M., Cheung, E., Ke, Y., Privileges and attractions for private sector involvement in PPP projects. In: Ghafoori (Ed.), *Challenges, Opportunities and Solutions in Structural Engineering and Construction.* Taylor & Francis Group, London. - 2010.
16. Tang, L., Shen, Q., Cheng, E.W., A review of studies on public-private partnership projects in the construction industry // *Int. J. Proj. Manag.* - 2010. 28 (7), pp 683-694.
17. Glagola, C.R. and Sheedy, W.M., Partnering on defense contracts // *Journal of Construction Engineering and Management*, Vol. 128 No. 2. - 2002 pp. 127-38.
18. Carol Jacobson, Sang Ok Choi. Success factors: public works and public-private partnership// *International Journal of Public Sector Management* vol 21(16)- 2008. pp 647-657.
19. Robert Osei-Kyei., Perceptions of stakeholders on the critical success factors for operational management of public-private partnership projects// -2015
20. Koppenjan, J. F. M., The formation of public-private partnerships: Lessons from nine transport infrastructure projects in the Netherlands // *Public Administration.* - 2005. 83(1), pp 135-157.
21. Li, B., Akintoye, A., Edwards, P. J., & Hardcastle, C., Critical success factors for PPP/PFI projects in the UK construction industry// *Construction Management and Economics.* - 2005. 23(5), pp 459-471.

22. Ke, Y., Wang, S., & Chan, A. P. C., Risk Misallocation in public-private partnership projects in China// *International Public Management Journal*.- (2013).16(3),pp 438–460.
23. Reynaers, A. M., & Grimmelikhuijsen, S. ., Transparency in public–private partnerships: Not so bad after all? // *Public Administration*.- 2015. 93(3), 609–626.
24. Zhang, X., & Ali Soomro, M. .,Failure path analysis with respect to private sector partners in transportation public-private partnerships // *Journal of Management in Engineering*.- 2015. 32. 1061/(ASCE)ME.pp.
25. Panayides, P. M., Parola, F., & Lam, J. S. L., The effect of institutional factors on public–private partnership success in ports // *Transportation Research Part A Policy & Practice*.- 2015. 71(71), pp 110–127.
26. Wang, H., Xiong, W., Wu, G., & Zhu, D.,-. Public private partnership in public administration discipline: A literature review // *Public Management Review*.- 2018 20(2), pp 293–316.

REFERENCES

1. Billett, Ovens, C. Clemans, A.; & Seddon, T., Collaborative working and contested practices: forming, developing and sustaining social partnerships in education // *Journal of education polic*.- 2007. 22(6): pp 637–656
2. Bovaird., Public–Private Partnerships: From Contested Concepts to Prevalent Practice// *International Review of Administrative Sciences*.- 2004. 70(2): pp 199–215
3. Davies, B. Public-Private Partnerships// *School Leadership & Management*.- 2006.26(3), pp201–203.
4. Brinkerhoff, D. W., & Brinkerhoff, J. M., Partnerships Between International Donors and Non-Governmental Development Organizations: Opportunities and constraints // *International Review of Administrative Sciences*.- 2004. 70(2), 253–270.
5. Hodge, G. A., The Risky Business of Public–Private Partnerships// *Australian Journal of Public Administration*.- 2004. 63 (4): pp 37–49.
6. Cheung, E., Chan, A.P.C., Kajewski, S., Factors contributing to successful public private partnership projects, comparing Hong Kong with Australia and the United Kingdom. *J. Facil. Manag.*- 2012. 10 (1), pp 45–58.
7. Grimsey, D., Lewis, M.K., Evaluating the risks of public private partnerships for infrastructure projects.- 2002. *Int. J. Proj. Manag.* 20,pp 107–118.
8. Abdul-Aziz, A. R., & Kassim, P. S. J., Objectives, success and failure factors of housing public–private partnerships in Malaysia// *Habitat International*. - 2011. 35(1), pp 150–157.
9. Bryson, J. M., Crosby, B. C., & Stone, M. M., The Design and Implementation of Cross-Sector Collaborations; Proposition from the Literature// *Public Administration Review*.- 2006. 66 (Special issue 1), pp 44–55.
10. Pillay, H., Watters, J. J., & Hoff, L. Critical attributes of public-private partnerships: A case study in vocational education// *International Journal of Adult Vocational Education and Technology*.- 2013.4(1), pp 31–45.
11. Wang, H., Xiong, W., Wu, G., & Zhu, D., Public private partnership in public administration discipline: A literature review// *Public Management Review*. - 2018. 20(2), pp 293–316.
12. Hodge, G. A., The Risky Business of Public–Private Partnerships// *Australian Journal of Public Administration*.- 2004. 63 (4): pp 37–49.
13. Siddiquee, N. A., Rhetoric and reality of public-private partnerships: Learning points from the Australian Experience// *Asian Journal of Political Science*.- 2011. 19(2), pp129–148.
14. Kilpatrick, S., & Guenther, J. Successful VET partnerships in Australia. // *International Journal of Training Research*.- 2003. 1(1), pp 23–43.
15. Chan, A.P.C., Lam, P.T.I., Chan, D.W.M., Cheung, E., Ke, Y., Privileges and attractions for private sector involvement in PPP projects. In: Ghafoori (Ed.), *Challenges, Opportunities and Solutions in Structural Engineering and Construction*. Taylor & Francis Group, London.- 2010.
16. Tang, L., Shen, Q., Cheng, E.W., A review of studies on public–private partnership projects in the construction industry // *Int. J. Proj. Manag.* - 2010. 28 (7), pp 683–694.
17. Glagola, C.R. and Sheedy, W.M., Partnering on defense contracts // *Journal of Construction Engineering and Management*, Vol. 128 No. 2.- 2002 pp. 127–38.

18. Carol Jacobson, Sang Ok Choi. Success factors: public works and public-private partnership//International Journal of Public Sector Management vol 21(16)- 2008.pp 647-657.
19. Robert Osei-Kyei., Perceptions of stakeholders on the critical success factors for operational management of public-private partnership projects// -2015
20. Koppenjan, J. F. M., The formation of public-private partnerships: Lessons from nine transport infrastructure projects in the Netherlands // *Public Administration*.- 2005.83(1), pp135–157.
21. Li, B., Akintoye, A., Edwards, P. J., & Hardcastle, C., Critical success factors for PPP/PFI projects in the UK construction industry// *Construction Management and Economics*.- 2005. 23(5), pp 459–471.
22. Ke, Y., Wang, S., & Chan, A. P. C., Risk Misallocation in public-private partnership projects in China// *International Public Management Journal*.- (2013).16(3),pp 438–460.
23. Reynaers, A. M., & Grimmelikhuijsen, S. . Transparency in public–private partnerships: Not so bad after all? // *Public Administration*.- 2015. 93(3), 609–626.
24. Zhang, X., & Ali Soomro, M. . Failure path analysis with respect to private sector partners in transportation public-private partnerships // *Journal of Management in Engineering*.- 2015. 32. 1061/(ASCE)ME.pp.
25. Panayides, P. M., Parola, F., & Lam, J. S. L., The effect of institutional factors on public–private partnership success in ports // *Transportation Research Part A Policy & Practice*.- 2015. 71(71), pp 110–127.
26. Wang, H., Xiong, W., Wu, G., & Zhu, D.,-. Public private partnership in public administration discipline: A literature review // *Public Management Review*.- 2018 20(2), pp 293–316.

ТҮЙІН

Мақалада ең алдымен мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің нәтижелілігінің теориясы сипатталады, даму динамикасы мен әсер етуші факторларына сипаттама беріледі. Сондай-ақ, соңғы жылда ISIWeb of Science мәліметтер базасында жарық көрген мақалаларға шолу жасалынды.

Зерттеу мақсаты, мемлекет пен бизнес құрылымдарының ынтымақтастығы туралы білімімізді кеңейту үшін тақырыпқа байланысты халықаралық беделді баспаларда жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу жасау

РЕЗЮМЕ

Целью статьи является систематический обзор научных трудов авторов, опубликованных в престижных международных издательствах, по вопросам сотрудничества государств и бизнес-структур. В статье описывается, прежде всего, теория результативности государственно-частного партнерства, дается характеристика динамики развития и факторов влияния. Были подробно изучены статьи, опубликованные в базе данных ISI Web of Science, касающиеся государственно-частного партнерства за последние годы (около 17 лет).

SUMMARY

The purpose of the article is a systematic review of the authors' scientific works published in prestigious international journals on the subject to expand our knowledge about the cooperation of the state and business structures. The article describes, first of all, the theory of effectiveness of public-private partnership, characterizes the dynamics of development and factors of influence. On this basis, a system structure of public-private partnership performance based on the research of authoritative authors in the world is proposed. Articles published in the ISI Web of Science database (about 17 years) on public-private partnerships in recent years have been studied in detail.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Нуранова Райхан Куандыковна – докторант PhD, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, email: raikhan.nuranova@narhoz.kz

Молдашев Қайрат Болатович – доктор PhD, профессор, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

МРПТИ 06.52.17

JEL P2, P25

PUBLIC PRIVATE PARTNERSHIP AS A TOOL TO IMPLEMENT THE PRINCIPLES OF SOCIAL RESPONSIBILITY OF BUSINESS

A. Baltabayeva¹, D. Zakirova¹

«Turan» University, Almaty, the Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Today, the concepts and ideas of corporate social responsibility have achieved worldwide public recognition. This is largely due to both the noticeably increasing role of business in the development of society, and the increased requirements for openness in the business environment. A growing number of companies come to the understanding that successful business is possible only with constant interaction with the external environment, including government bodies. As the main stimulus for the development of business socialization, the goodwill and personal altruism of entrepreneurs were most often considered, today most of them recognize that social inclusion.

Keywords: public-private partnership, corporate social responsibility, business socialization, business responsibility, partnership, PPP mechanisms, social infrastructure.

INTRODUCTION

Due to development and increase in the level of market relations, and due to this change in the nature of state regulation of the economy, issues related to the interaction of the state and business structures with one of the forms as public-private partnership (hereinafter - PPP), are becoming increasingly relevant. This form of interaction is aimed at combining the resources of the state and business structures. Besides ensures the implementation of socially significant projects with the lowest costs and risks.

LITERATURE REVIEW

Recently, both in developed countries and in developing countries, a public-private partnership has a strategic role in the development of entrepreneurship. This is largely due to the fact that it is mutually beneficial cooperation between the state and the private sector in industries traditionally related to the sphere of responsibility of the state on the basis of a balanced distribution of risks, benefits and costs, rights and obligations defined in the relevant agreements [1].

To date, there is no single definition of “public-private partnership”. Various authors interpret this term in different ways, and these definitions can differ quite significantly from each other.

If we turn to the European Bank for Reconstruction and Development (EBRD), the EBRD understands PPP as a long-term contract with the private sector to provide services to the state, in the interests of the state or on behalf of the state.